

# ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ МАНСАП ДЕПАРТАМЕНТІ

Бекітемін  
ПМПУ ректоры,  
х.ғ.д., профессор

2018 ж.

А. Нұхұлы



### Павлодар облысының жалпы орта білім беру мектептерінің оқушыларына арналған облыстық пәндік олимпиада туралы ЕРЕЖЕ

Павлодар қаласы

## 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Мектеп оқушыларының пәндік олимпиадасы туралы бұл ереже олимпиаданың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру мен өткізу тәртібін, оның ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін, олимпиаданың қатысушыларын, жауаптыларын, олимпиаданың қорытындыларын шығару және жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің марапатталуын белгілейді.
- 1.2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары:
  - оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін анықтау;
  - ғылыми – зерттеу қызметі мүддесіне ынталандыру;
  - дарынды оқушыларға қолдау көрсету үшін қажетті жағдайлар жасау.
- 1.3. Олимпиаданы жыл сайын Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті Павлодар облысының білім басқармасымен бірігіп өткізеді.
- 1.4. Олимпиада физика, математика, биология және химия пәндерінен өкізіледі.
- 1.5. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ақпаратты университет [www.pri.kz](http://www.pri.kz) сайтында орналасады.

## 2. Олимпиада міндеттері

- 2.1. Оқушылардың физика, математика, биология және химия пәндеріне тереңдетіп оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.
- 2.2. Оқушылардың қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.
- 2.3. Оқушылардың белгілі бір саласындағы соңғы жетістіктермен таныстыру.
- 2.4. Оқу және кәсіби уәждеме деңгейін арттыру.

## 3. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

- 3.1. Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:
  - I кезең-іріктеу, онлайн режимінде сырттай 12 наурызда өткізіледі. I кезең тапсырмалары ПМПУ сайтында «Талапкер» бөлімінде көрсетіледі.
  - II кезең-қорытынды (облыстық) көктемгі демалыс кезінде ПМПУ-дің базасында өткізіледі.
- 3.2. Мектептер олимпиадаға қатысу үшін өтінім берулері тиіс (1-қосымшаға сәйкес).

#### **4. Олимпиаданы ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету**

- 4.1. Олимпиаданың кезеңдеріне дайындық және олардың өткізу жұмыстарын олимпиаданың ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Оның құрамына төраға, оның орынбасары, жауапты хатшы және мүшелері кіреді. Ұйымдастыру комитетінің құрамы ПМПУ-дің қызметкерлері мен оқытушыларынан құрылады. Облыстық олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің құрамы ПМПУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.
- 4.2. Облыстық олимпиаданы ұйымдастыру комитеті:
- олимпиаданың дайындығы мен өткізілуі туралы хабарландырудың дер кезінде жариялануын қамтамасыз етеді;
  - олимпиаданың аудандық (қалалық) және облыстық (қорытынды) кезеңдерін өткізу бағдарламасын құрастырады, нәтижелерді бағалау өлшемдерін анықтау жөнінде комиссия құрамын, пәндік қазылар алқалары мен олардың төрағаларын бекітеді;
  - қазылар алқаларының ұсыныстары бойынша олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды;
  - олимпиаданың қорытынды кезеңінде қатысуға мектептерден түскен есептерді, ұсынымдар мен өтінімдерді қарайды;
  - облыстық олимпиада дайындығына жалпы басшылық жасайды;
  - өтінімге міндетті түрде аудандық (қалалық) пәндік олимпиаданың іріктеу кезеңінде жүлделі (I,II,III) орындарға ие болған оқушылар енгізіледі;
  - олимпиаданың облыстық (қорытынды) кезеңіне қатысушылардың жұмыстарын шифрлау және тексеру тәртібін анықтайды.
- 4.3. Облыстық пәндік олимпиаданың нәтижелері хаттама түрінде рәсімделеді.

#### **5. Облыстық олимпиаданың қатысушылары**

- 5.1. Олимпиадаға аудандық және қалалық мектептердің 11-сыныптарының оқушылары қатысады.
- 5.2. Олимпиадаға қатысушының өзімен бірге жеке басын растайтын куәлігі болуы керек. Жеке басын растайтын куәлігі болмаған жағдайда, оқу орнынан фотосуреті бар анықтама көрсетуі керек.
- 5.3. Облыстық (қорытынды) кезеңге қатысушыларды іріктеу мектептердің өтініштері бойынша жүзеге асырылады.
- 5.4. Әр пән бойынша Олимпиада жеңімпазы - ең жоғары балл санын жинаған және жоғары нәтиже көрсеткен қатысушы болып саналады.

## 6. Жауапкершілік

6.1. Пәндер бойынша тапсырмаларды, бағалау өлшемдері мен әдістемесін дайындау үшін тапсырмаларды дайындау жөніндегі комиссия жауапкершілікте болады.

## 7. Олимпиаданың қорытындыларын шығару және жеңімпаздар мен жүлдегерді марапаттау

- 7.1. Қорытынды олимпиаданың әр кезеңінен кейін шығарылады. Әр пәннен жүлдегерлер анықталады.
- 7.2. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері ПМПУ ректорының грантына, оқу үшін жеңілдіктер алуға құқылы:

Пән	1 - орын	2- орын	3-орын
Физика Математика Биология Химия	ПМПУ білім беру гранты туралы куәлік	ПМПУ-де оқуына 50 % жеңілдік	ПМПУ-де оқуына 25 % жеңілдік

## Облыстық олимпиадаға қатысу үшін өтінім

№	Қатысушының толық аты-жөні, жеке куәлігі бойынша	Байланыс телефоны	Ауданның (қалалық) және мектептің атауы	Оқыту тілі, пәні	Пәндік мұғалімдердің толық аты-жөні жеке куәлігі бойынша

Мектеп директоры